

АНЫҚТАМА

2025 жылдың «25» қараша күні №41 мектеп-лицейінде әлеуметтік педагогтың ұйымдастыруымен 7-сынып оқушыларына арналған «Жасөспірім және қоғам: Буллингке жол жоқ!» тақырыбында танымдық-тәрбиелік шара өткізілді.

Шараның мақсаты:

Оқушылар арасында буллинг, кибербуллинг ұғымдарын түсіндіру, құқықтық сауаттылықты арттыру, бір-біріне деген құрметті қалыптастыру және қауіпсіз орта құруға бағыттау.

Іс-шара құрылымы төмендегідей кезеңдер бойынша өтті:

1. Топқа бөлу:

Оқушылар 2 топқа бөлінді. Әр топ өз атауын («Қорғаушылар», «Бірлік», «Татулық», «Сенім») және ұранын ойлап тапты.

2. 1-кезең – Сұрақ-жауап (викторина):

Құқықтық терминдерге байланысты 5 жеңіл сұрақ қойылды.

3. 2-кезең – Жағдаятты талдау:

Әр топқа буллингке қатысты өмірлік жағдай ұсынылып, оны дұрыс шешудің жолдары талқыланды. Топтар өз шешімдерін ортаға салып қорғады.

4. 3-кезең – Рөлдік ойын:

Әр топ буллингті болдырмау мақсатында шағын көрініс қойып, креативтілік, түсінік және командалық жұмыс көрсету арқылы бағаланды.

5. 4-кезең – Постер жасау:

«Буллингке қарсымыз!» тақырыбында топтар өз плакаттарын жасап, қорғап шықты.

Қорытынды бөлімде:

- Шараның тиімділігі туралы қысқаша талдау жасалды.

- Кері байланыс

Шара барысында:

1. Топқа бөлу:

Оқушылар 2 топқа бөлінді: «Бірлік», «Татулық». Әр топ өз атауы мен ұранын ойлап тауып, ұйымшылдық пен белсенділік танытты.

2. 1-кезең – Сұрақ-жауап (викторина):

Құқықтық терминдерге байланысты 5 жеңіл сұрақ қойылды. Оқушылар сұрақтарға нақты әрі белсенді жауап беріп, өз құқықтық білімдерін көрсетті. Топтар жауаптарын талқылап, ұпайларын әділ бөлді.

3. 2-кезең – Жағдаятты талдау:

Әр топқа ұсынылған буллингке қатысты өмірлік жағдаяттар бойынша дұрыс шешімдер қабылдау жолдарын ұсынды. Балалар өз пікірлерін ортаға салып, бір-бірінің ұсыныстарын тыңдап, ортақ шешімге келді. Бұл кезеңде оқушылардың сыни ойлауы мен жауапкершілігі байқалды.

4. 3-кезең – Рөлдік ойын:

Топтар буллингтің алдын алу мақсатында сахналық көріністер қойып, өз ойларын шығармашылықпен жеткізді. Ойын барысында креативтілік, түсінік

және командалық жұмыс ерекше бағаланды. Оқушылар өзара жағымды қарым-қатынас орнатып, достықты насихаттады.

5. 4-кезең – Постер жасау:

«Буллингке қарсымыз!» тақырыбында постерлер жасап, өз жұмыстарын қорғады. Плакаттарда достық, мейірімділік, бірлік сынды құндылықтар көрініс тапты. Оқушылар өз туындыларын сенімділікпен таныстырып, қоғамдағы өзекті мәселеге көзқарастарын білдірді.

Қорытынды бөлімде:

Барлық оқушы кері байланыс жасап, өз пікірлерін білдірді. Топтардың әрқайсысы «Буллингке қарсымыз» деген ұстанымды нақты дәлелмен қорғап шықты. Іс-шара оқушыларға үлкен тәрбие мен мағлұмат беріп, оң әсер қалдырды.

Іс-шара оқушылардың белсенді қатысуымен жоғары деңгейде өтті.



Instagram:

https://www.instagram.com/reel/DRgl0ZZiORN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Әлеуметтік педагог:

Ақнияз Г.А.